

Атырау облыстық балалар ауруханасы ШЖҚ КМК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс қызметінің мақсаты туралы түсіндіру» тақырыбында өткізілген семинардың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 30.10.2023 жыл.

Комплаенс офицер – А.Т.Абишева

Қатысушылар:

Кадр бөлімінің басшысы Шаненова У.Б.

Хатшы: Мурзагалиева Ф.С.

Бөлім меңгерушілері, дәрігерлер, мейірбикелер және кіші буын медицина қызметкерлері.

Күн тәртібі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс қызметінің мақсаты және сыбайлас жемқорлықтың әрекеттерінің жауапкершіліктері туралы семинар».

Семинарды аурухана комплаенс офицері Абишева А.Т. сөз алды:

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Атырау облыстық балалар ауруханасында сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізуге комплаенс қызметі құрылды.

Комплаенс-офицер аурухана қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне мониторингті жүргізіп, сондай-ақ

аурухана ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты жүзеге асырады.

Комплаенс-офицердің негізгі міндеттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету және аурухананың ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру болып табылады, сол арқылы барлық пациенттер, қызметкерлер арасында ең үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясатқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашықтық, адалдық қағидаттары қамтамасыз етіледі.

Комплаенс-офицер өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Конституция), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы), Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығы), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы қолданыстағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және аурухананың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Заң талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғатынын айтты. Сондай-ақ, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау туралы басқада қағидаларын айтып, аурухана қызметкерлеріне ескертті.

Комплаенс офицер

Абишева А.Т.

Хатшы

Мурзагалиева Ф.С.